

Қызылбас батыр және ұрпақтары

Сыр бойынан шыққан Қызылбас Мүсірепұлы батыр әрі білікті би болған. Тегі – Кіші жүз Алшын-Қаракесек-Шөмен-Шөмекей-Бозғұл-Сарықасқа (Келмембет)-Өтебай аталығынан.

Қызылбас батыр қазіргі Қызылорда облысы, Жалағаш, Қармақшы аудандарында ХІХ ғасырда өмір сүрген. Батырдың бейіті – қазіргі Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жаңадария ауылынан оңт-батысқа қарай 30 шақырым жерде жатыр.

Қызылбас батырдың атасы, атақты Жәрімбет би Солтанұлы (1728/35-1802/09) болады. Қызылбас батыр Келмембет батырдың (1648-1675) неменесі болады. Өтебай батырға шөпшек болады. Көріп отырсаңыз Қызылбас батырдың батыр болуына тегінің де қатысы бар.

Елінің жерінің азаттығы үшін күрескен Қызылбас батыр атты Сыр бойында 2 (екі) кісі өткен.

Біріншісі Жақайым Қызылбас батыр – палуан. Екіншісі – осы Сарықасқа Қызылбас батыр.

Сарықасқа Қызылбас батыр Жақайым Қызылбас батырдай Сыр бойының атақты батыры болған.

Кезінде Шөмекейдің бір ауылының малын барымталап алып кеткен арғын Ақту батырды, жекпе-жекте Тоғанас батыр аттан аударып түсіргенде, қасындағы Сарықасқа Аманбай батырға: «Басын шап», - деп бұйырады. Бірақ Аманбай батыр Ақту батырдан сескеніп, іркіліп қалады. Сол кезде Ақту батырдың басын қылышпен шапқан осы Сарықасқа Қызылбас батыр. Қызылбас батыр кейін көп айтып жүріпті: «Ақтудың көзінен сескендім, жанары біртүрлі отшашып жатыр екен, әлі есімнен кетпейді, сірә, менің өз белімнен бала болмайды-ау», - деп айтып жүріпті.



Мүсірепұлы Қызылбас батырдың бейіті. 19 ғ.

Қызылбас батыр әрі би болған кісі.

1852 жылы ел билігіне араласқан туымды тұлға болып саналады.

Қызылбас батырды Сыр ақыны Әлімбай Әлиасқаров «Қазақ шежіресі» жырында:

«Мүсірептен Кенже, Ораз, Қожамғұл де,

Ақтау, Бартау, Мырша мен Қызылбас де.

Отар менен оны да түгел дейік,

Бүркіттен Үйсінбай мен бес ұл бізде», - деп жырлаған.

Қызылбас батырды Сыр бойының шежіреші ақыны Сағымбай Тұрғанбаев шежіре өлеңінде:

«Қызылбас болды батыр атағы зор,

Дұшпанға қару жұмсап оқ ататын», - деп жазған.

Қызылбас батырдан Өмірқұл, Темірқұл, Жылқыайдар, Құндызбай, Жаманқұл есімді балалар өрбіген. Жаманқұлдың Құлбаба, Құлшыбай есімді ұлдары болған.

Құлбабадан – Сары, Әбдіхалық, Әлмағанбеттер туады. Ал Құлшыбайдан – Доснияз туған. Одан Халық, Ұбайда, Ұбайдулла тарайды. Халықтан Базарбай туылады. Сарыдан Ақша туады. Ал Әлмағанбеттен Қуанышбай, Сапар т.б. шөпшектері туылады.

Батырдың көзі тірісінде пайдаланған қару-жарағы мен т.б. тұтынған тұрмыстық бұйымдарының қай ұрпағында мұра болып қалғаны жөнінде нақты дерек табылмады.

Бақытжан Ахметбек, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері

Әдебиеттер

1. Бақытжан Ахметбектің дерек қорынан;
2. Т. Дайрабаев. Тоғанас батыр. – Алматы: Кітап, 1992;
3. Т. Дайрабай «Кете-Шөмекей» шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1995;
4. Ә. Әлиасқаров. «Қазақ шежіресі». – Қызылорда: Принт, 2008;
5. З. Қари. Келмембет батыр. – Алматы, 1998 .